

**С.Оразалин атындағы жалпы орта білім беретін мектебінің 2021-2022 оқу жылындағы 1 «Ә» сыныбы бойынша тәрбие жұмысының жылдық талдамасы.**

Сыныпта 15 оқушы бар . Оның 8 ұл бала , 7 қыз бала.

2021-2022 оқу жылында жыл басында сынып оқушыларын адалдыққа , еңбекке, өз отанын құрметтеуге тәрбиелеу, жан жақты мол сауатты, мәдениетті жеке тұлға тәрбиелеу мақсатында тәрбие жұмысы 8 бағыт бойынша жасалып бекітілді. Жоспарланған жұмыстар уақытылы өткізілді.

**1. Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие**

**Мақсаты:** Жаңа демократиялық қоғамда өмір сүруге қабілетті, азаматты және патриотты, тұлғаның саяси, құқықтық санасын, оларда балалармен жастар ортасындағы қатыгездікпен зорлық- зомбылыққа қарсы тұру даярлығын қалыптастыру. Патриоттық тәрбие беруде оқу жылының басында Білім күніне арналған салтанатты жиын мен алғашқы сабақ тақырыбында «Жел, балалар оқылық!» өтті. «Жол тәртібін сақтайық!», «Мен өз отанымның патриотымын». «Тәуелсіз елім Қазақстан» тақырыбында сынып сағаттары өткізілді. «Елін қорғау- ерге серт». «Отан үшін отқа түскендер» тақырыбында мерекелік шара өткізілді.



**2. Рухани адамгершілік тәрбие**


**Мақсаты:** Тұлғаның қазақстандық қоғам өмірінің жалпы адамзаттық құндылықтары мен , нормаларымен және дәстүрлерімен келісілген рухани адамгершілік және этикалық ұстанымдарын, моральдық қасиеттерін және көзқарастарын қалыптастыру мақсатында 1-қазан қарттар күніне орай «Қарттарым – асыл қазынам» тақырыбында сынып сағаты өтті. Ұстаздар күніне орай «Ұстазға сый» бастауыш сыныптар арасында мерекелік шара өтті. «Жақсы мінез – жан азығы» сынып сағат өткізілді «Адал еңбек», «Біздің сыныптың жетістіктері» тақырыбында сынып сағаты өтті.





### 3. Ұлттық тәрбие

**Мақсаты:** Тұлғаны ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарға бағдарлау, ана тілін және мемлекеттік тілді, қазақ халқының, Қазақстан Республикасындағы этностар мен этникалық топтардың мәдениетін құрметтеуге тәрбиелеу. «Сүйемін туған тілді-анам тілін». «Күз -мереке, күз -береке». «Қазақтың ұлттық ойындары!» «Менің елім, менің президентім», «Ұлттық ойын-халық мұрасы», «Алғысым шексіз» алғыс айту танымдық сабағы өтілді. «Нұр себеле, Ұлыстың ұлы күні!» тақырыбында ұлттық салт дәстүрлерді насихаттау шарасы өткізілді. «Бірлігіміз жарасқан» танымдық сабағы өтті.



### 4. Отбасы тәрбиесі

**Мақсаты:** Ата-аналарды оқыту, бала тәрбиесінде олардың психологиялық педагогикалық құзреттіліктерін және жауапкершіліктерін арттыру «Отбасы –бақыт аясы» тақырыбында сынып сағаты өтті. «Аналар асыл жандар» бастауыш сыныптар арасында мерекелік шара ұйымдастырылды. «Әке-тірек, ана- жүрек, бала- тілек» сурет галлериясы ұйымдастырылды.



### 5. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие.

**Мақсаты:** Тұлғаның өзін кәсіби анықтауына саналы қарым қатынасын қалыптастыру, экономикалық ойлауын және экологиялық мәдениетін дамыту. «**Табиғатым тағдырым**» тақырыбында танымдық сабағы, «**Біз және экология**» тақырыбында сынып сағаты өтті. «**Еліңді сүй, жеріңді сүй**» сурет байқауы өтті. «**Мен және төтенше жағдайлар**» «**Ғарышкер болғым келеді**» тақырыптарында сынып сағаттары өткізілді.

### 6. Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі

**Мақсаты:** Әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндігін, көшбасшылық қасиеттерін және дарндылығын дамытуды қамтамасыз ететін уәждемелік кеңістік құру. «**Жаным толған жақсылық**», ақпараттық-танымдық сағаты өтті. «**Қош бол, құтты Әліппем!**» атты Әліппемен қоштау ертеңгілігі өтті. «**Озық ойлы оқушы?**» сайыс сабағы ұйымдастырылды. «**Табиғатпен сырласу**» оқушылар табиғат аясына серуенге шығып, көріп тамашалаған сурттерін қағаз бетіне түсірді. Бастауыш сыныптар арасында «**Әнші балапан**» байқауы ұйымдастырылып сыныбымнан **Мерей мен Нұрәділ** қатысып, 3 орынға ие болды.



### 7. Көп мәдениетті және көркем эстетикалық тәрбие

**Мақсаты:** Білім беру ұйымдарының білім беру кеңістігін тұлғаның өзін өзі сәйкестендіруінің көп мәдениетті ортасы ретінде құру, тұлғаның қоғамдағы жалпы мәдениет мінез құлық дағдыларын қалыптастыру, оның өнердегі және болмыстағы эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру және бағалау әзірлігін дамыту «**Жаңа жылым жарылқа**» бастауыштар арасында ертеңгілік өтті. «**Кітап – біздің досымыз**» тақырыбында сыныптан тыс ашық тәрбие сабағы өтті. «**Ертегілер еліне саяхат**» тақырыптарында қойылым сабағы өтті.





#### 8. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты.

**Мақсаты:** Салауатты өмір салты, дене дамуы және психологиялық денсаулық сақтау дағдыларын, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтау біліктілігін ойдағыдай қалыптастыру үшін кеңістік орнату. «Дені сау ұрпақ- ұлт болашағы» денсаулық сағаты өтті. «Денсаулық-зор байлық» презентациялық таным сабағы өтілді. «Зиянды әдеттен сақтан» дәрігермен кеңесі мен сынып сағаты өтті.

Жалпы биылғы оқу жылын қорытындылай келе сыныппен өте жақсы қарым – қатынаста болдым. Оларға үнемі жеке бас гигиенасы туралы айтылып отырды. Ата-аналарымен де үнемі байланыста болдым. Оқу жылын сәтті аяқтап, жыл соңында оқушылар мен ата –аналардан жазғы демалыс кезеңіндегі өмір қауіпсіздігі жөнінде қауіпсіздік ережелері таныстырылып, қолхат алынды.

**Сынып жетекшісі: Жантайлакова Жанар Маликовна**